№ 4 ХАТТАМА

Жылы-Бұлақауылдық

Округі

Жергілікті

Қоғамдастығының

жиналысы

Өткізілгенорны:әкімдік мәжіліс залы
Өткізілген күні: 2026 жылғы 23 қыркүйек
Уақыты: 11:00

Жиналысты ашып, жүргізген:
Жылы-Бұлақ ауылдық округінің әкімі Жунусова Фируза Ириковна

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «ҚазақстанРеспубликасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Шарбақты ауданы мәслихатының 2018 жылғы 22 маусымдағы № 136/40 шешімімен бекітілген Шарбақты ауданы Жылы-Бұлақ ауылдық округі жергілікті қоғамдастығы жиналысының регламентіне сәйкес жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізілді.

Жиналысқа ауылдық округ тұрғындары делегат етіп сайлаған өкілдер қатысты.

Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысу үшін барлығы 9 адам сайланған, оның ішінде7 адам қатысты.

Жиналысты жүргізу үшін жиналыс төрағасы мен хатшысын сайлау ұсынылды.

1. Жиналыс төрағасын сайлау туралы

Жиналыс төрағалығына Жунусова ФирузаИриковна ұсынылды.

Дауыс беру нәтижесі:

- «Қолдағаны» — 7 адам;
- «Қарсы» — 0 адам;
- «Қалыс қалғаны» — 0 адам.

Шешім бірауыздан қабылданды.

2. Жиналыс хатшысын сайлау туралы

Жиналыс хатшылығына Сафина Сохиба Сатвалдыевна ұсынылды.

Дауыс беру нәтижесі:

- «Қолдағаны» — 7 адам;
- «Қарсы» — 0 адам;
- «Қалыс қалғаны» — 0 адам.

Шешім бірауыздан қабылданды.

3. Күн тәртібін бекіту туралы

Жиналыстың күн тәртібіне:

«Жылы-Бұлақ ауылдық округінің 2026 жылғы қыркүйек айындағы бюджетін нақтылау» мәселесін енгізу ұсынылды.

Дауыс беру нәтижесі:

- «Қолдағаны» — 7 адам;
- «Қарсы» — 0 адам;
- «Қалыс қалғаны» — 0 адам.

Күн тәртібі бірауыздан бекітілді.

Жиналыс жұмысының регламенті

Жиналыс жұмысының мынадай регламенті бекітілді:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша — 10 минутқа дейін.
2. Баяндамашыларға — 3 минутқа дейін.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жиналыс төрағасы Жунусова Фируза Ириковна сөз сөйледі.

Ол Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес 2026 жылға арналған Жылы-Бұлақ ауылдық округінің бюджетіне өзгерістер енгізу мақсатында жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіліп отырғанын атап өтті.

Ағымдағы жылдың тоғыз айындағы кіріс бөлігінің орындалуы төмендегідей қалыптасты:

- 101202 — Жеке табыс салығы: жоспар 7 009,0 мыңтеңге, түскені 8 015,0 мың теңге, жоспардың артығымен орындалуы 1 006,0 мың теңгені құрады. Оның ішінде Жылы-Бұлақ ауылынан Проваторов Никита Витальевичтен 2 400,0 мың теңге мөлшерінде бір жолғы төлем түсті.
- 104302 — Жер салығы: жоспар 118,0 мың теңге, түскені 26,5 мың теңге, орындалмауы 92,0 мың теңгені құрады.
- 104402 — Жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық: жоспар 7 912,0 мың теңге, түскені 8 322,8 мың теңге, жоспардың артығымен орындалуы 410,0 мың теңгені құрады. Жоспардың артығымен орындалуы салық төлеушілердің жаңа көлік құралдарын сатып алуына және салық бойынша берешектерін өтеуіне байланысты болды.
- 104501 — Бірыңғай жер салығы: жоспар 3 172,0 мың теңге, түскені 3 264,0 мың теңге, жоспардың артығымен орындалуы 92,0 мың теңгені құрады. Түсімдер шағын және орта бизнес субъектілерінің 2025 жылдың 3 айы бойынша есептелген соманы төлеуіне байланысты болды, төлеу мерзімі — 2026 жылғы сәуір айы.
- 105315 — Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем ақы: жоспар 2 061,0 мың теңге, түскені 2 824,2 мың теңге, жоспардың артығымен орындалуы 763,0 мың теңгені құрады. Түсім 2026 жылғы жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының бірінші мерзімі бойынша жүргізілді.
- 303101 — Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер: жоспар 50,0 мыңтеңге, түсімтүспеген, жоспардыңорындалмауы50,0 мың теңгені құрады.
- 303202 — Жер учаскелерін жалға алу құқығын сатқаны үшін төлемақы: жоспар 0 мың теңге, түскені 24,3 мың теңге. Түсім жер учаскесін жалға алу құқығын сатып алуға байланысты ТОО «Эталон Групп ЛТД»-дан түсті.

Нәтижесінде ауылдық округ бюджетінің кіріс бөлігі2 153,0 мың теңгеге ұлғайтылды.

Ағымдағы жылдың тоғыз айында мемлекеттік сатып алуларды жүргізу нәтижесінде 177,0 мың теңге көлемінде бюджет қаражаты үнемделді, оның ішінде:

- 124009015 — «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» — 137,0 мың теңге;
- 124011015 — «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру» — 40,0 мың теңге.

Аталған үнемделген қаражатты:

- 124001015 — «Қала аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер » бағдарламасына автомобиль шиналарын сатып алуға 177,0 мың теңге бағыттау ұсынылды.

Бюджет кірістерінің ұлғаюына байланысты қаражатты төмендегі бағыттарға бөлу ұсынылды:

- 124001 бағдарламасы — автомобиль шиналарын сатып алуға — 55,0 мың теңге;
- 124008 бағдарламасы — «Елді мекендердің көшелерін жарықтандыру», электр энергиясына ақы төлеуге — 2 098,0 мың теңге.

Өзгерістер енгізілгеннен кейін Жылы-Бұлақ ауылдық округінің 2026 жылға арналған бюджетінің жалпы көлемі 108 301,0 мың теңгені құрайды.

Бюджетке өзгерістер енгізу туралы дауыс беру

Жиналыс төрағасы Жылы-Бұлақ ауылдық округінің 2026 жылға арналған бюджетіне ұсынылған өзгерістерді енгізуді қолдап дауыс беруді ұсынды.

Дауыс беру нәтижесі:

- «Қолдағаны» — 7 адам;
- «Қарсы» — 0 адам;
- «Қалыс қалғаны» — 0 адам.

Жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімі

Жылы-Бұлақ ауылдық округі жергілікті қоғамдастығының жиналысы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жылы-Бұлақ ауылдық округінің 2026 жылға арналған бюджетіне ұсынылған өзгерістер енгізілсін.

2. Бюджетке енгізілетін өзгерістер тиісті тәртіппен рәсімделіп, заңнамада белгіленген тәртіппен орындалсын.

Жиналысты жүргізу бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Жиналыс төрағасы _____ Ф. Жунусова

Жиналыс хатшысы _____ С. Сафина

Список

Представителей МСУ по Жылы-Булакскому с/о.

1.Омербаева Жангуль Артуровна с.Хмельницкое

2.Джусуповат Нагимаш Гарифоллаевна с.Хмельницкое

3.Ляхова Татьяна Александровна ст.Маралды

4. Мухамадиева Зинаида Шагаевна ст.Маралды

5.Каканов Нариман Кайртасович с.Коль-Булак

6.Мажитов Серик Жуканович с.Коль-Булак

7. Дауенов Ануар Абаевич с.Жылы-Булак

8.Мейрманов Мендыбай Темиртасович с.Жылы -Булак

9.Ахмадулина Ольга михайловна с.Сахновка